Аңдатпа. Бұл мақалада М. Жұмабаевтың «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарық көрген өлеңдері тұтастай алынып, жүйелі түрде талдауға алынады. Журналда әйел теңсіздігін алғаш болып сөз еткен М. Жұмабаевтың «Шын сорлы» өлеңімен қатар, еліне орыс отаршылдығының көрсеткен азабын тұспалдап жеткізгісі келген «Жатыр» өлеңі арқылы ақынның қалың жұртқа үлкен ой тастауы да сараланған. Мағжанның «Күз күні», «Жазғытұры», т.б. табиғат лирикаларын қарастыруда Абайдың «Жазғытұры» өлеңімен салыстырылып, ұқсастық іздеген зерттеушілердің пікірінен бөлек, мұнда тың ойлар айтылады. Журналда басылған жаз туралы Қ. Мұхамеджанов пен Қ. Кемеңгеровтің өлеңдері де қатар қарастырылып, ақынның негізгі айтпақ ойы нақты айқындалады.

Ұлт тағдырына алаңдаған Мағжанның азаматтық болмыстары «Қазақ» газетінде жарияланған туындыларынан да таныла түскендігі толықтай зерделенеді. Ақынның ел мәселесін көтерген «Орал тау», «Жарыма», «Төбет», «Есімде... тек таң атсын», т.б. өлеңдеріндегі ұлттық идея кеңінен қамтылады. «Орал тау» өлеңінде таудың болмысы арқылы жер мәселесін көтергені ашып берілсе, «Жарыма» өлеңіндегі ақынның басты мұңы көрсетілген. «Төбет» өлеңіндегі ақынның тұспалды ойлары алғаш зерделеніп отыр. Ел тағдырын суреттеуде Мағжанның сөз қолданысы да талдауға алынып, астарлап берудегі шеберлігі зерделенген. Ақынның үлкен үміті көрініс тапқан «Есімде... тек таң атсын» өлеңінің ерекшелігі де қамтылады. Ұлт мүддесін жоғары қойған ақын тұлғасы да барынша саралана талдауға алынады. Газетте басылған М. Жұмабаевтың «Көңіл», «Зар» өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкерлердің болмысымен қоса, табиғат лирикаларындағы ақынның суреттеуіне де назар аударылды. Мақалада Мағжанның ұлттық баспасөздегі шығармалары жүйелі қамтыла келе, алашшыл ақындық тұлғасы әр қырынан ашылып зерделенеді.

Кілт сөздер: азаматтық, алаш идеясы, ұлт тағдыры, отаршылдық, лирика, тұспалды ойлар, азаматтық парыз.

Кіріспе. ХХ ғасырдың басында болған түрлі тарихи ахуалдар еліміздің қоғамдық өміріне қай жағынан болса да сілкіністер мен өзгерістер енгізумен бірге, ұлттық басылымдардың дүниеге келуіне де өзіндік ықпалын тигізген болатын. Қазақ зиялыларының көптен күткен асыл армандарының бірі болған ұлттық баспасөздің, яғни, 1911 жылы Троицк қаласында «Айқап» журналы мен 1913 жылы Орынбор қаласында «Қазақ» газетінің дүниеге келгені бәрімізге аян. Осы уақытта халықтың көзін ашатын оқу-білімге, бірлікке шақырып отыратын баспасөздердің жарық көруі қазақ зиялыларының ұлт мәселелерін шешуіне үлкен ықпалын тигізген еді. Бұл жөнінде Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» деп аталатын мақаласында «1905 жылы өзгерістен былай қазақтың қамын ойлаймын деген азаматтар ұлт мұңын сөйлеп, ұлт мәселесін қолға ала бастады.

...Қазақтың баспасөзі газет-журналдары шыға бастады. Қазақтың «жақсы» боламын деген жасы ұлтшылдық сезіміне жабысуға айналды. Міне, сол жастың бірі-

не Мағжан да қосылды» (Аймауытов, 2013: 157) деген болатын. Расымен де 1911 жылы «Айқап» журналы шыққан уақыттан бастап жарық көре бастаған ақынның өлеңдерінде ұлт мәселесі ашық түрде қозғалған еді. Мағжан туындылары жайлы ғалым М. Базарбаевтың «Мағжан Жұмабаев өз орнын өмірден үнемі іздеумен өткен, бар білген-түйгенін соған сарп еткен суреткер. Оның творчествосының бір қырында, мұнлы толғаныс, өкіну және қайғы-қасірет, күйініш жатса, таразысының екінші қырында, романтикалық өршілдік, махаббат, сүйініш-күйініш, арман, мақсат, үміт жатады... Оның творчествосында тарих тұңғығын терең түсіну, өткенді бажайлау, болашақты болжай білу, бүгінгінің ақиқатына көз жеткізу сияқты терең толғансытар заманның астаң-кестен, аласапыран жайымен астасып жатады» («Ұлттық поэзия падишасы», 2001: 17) деген пікірі де ақын шығармашылығының ерекшелігін таныта түседі. Жұртына азаттық ғұмыр тілеген Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің ең басты тақырыбы да ұлт тағдыры, оның бостандығы еді. Ақын нені жырласа да, қай тақырыпта сөз етсе де ең алдымен ел мүддесін қоя білді. Елдің санасын оятуда «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарық көрген барлық әдеби мұраларымыздың да өзіндік ықпалы зор болды. Мақаламызда Мағжанның осы аталған баспасөздегі туындыларын арнайы бөліп алып талдап, оның өз уақытында да, қазіргі уақытта да құнды екенін айқындап көрсетуді мақсат тұттық. Әрине, ақын мұралары тәуелсіздік алғаннан бері мейлінше зерттеліп, әр қырынан қарастырылғанын білеміз. Алайда, оның «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарияланған шығармаларын жеке топтап алып, туындыларындағы ақынның тұспалды ойларын өзіндік ізденістермен саралау осы зерттеу тақырыбының өзектілігін арттыра түспек.

Материалдар мен әдістері. Мақала материалдарына ақынның «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарық көрген шығармалары алына отырып, әдістері ретінде дәстүрлі ғылыми, әдеби талдау, саралау, жүйелеу тәсілі негізге алынады. Ақын мұралары көп жағдайда тұспалдап берілгендіктен шығармаларын саралай талдау тәсілдерін де қолданатын боламыз. Алаш зиялыларының бірі Мағжанды С. Мұқановтың «ақынның ақыны» деп бағалауында да үлкен мән жатқан еді. Шынында да өзіндік бітім-болмысы, жаратылысымен басқа ақындардан өзгешеленген Мағжанның өзіне тән сыршылдығы, табиғатты бедерлеудегі шеберлігі, қазақ елінің оянуына түрткі болған ұлттық рухтағы туындылары оның ақындық өнерін биіктете түсетінін білеміз. Табиғат құбылыстарын, тау, дала, орман-тоғай, қайталанып келетін төрт мезгілден бөлек, болашағы айқын емес ел, заман көрінісін әр түрлі теңеумен астарлап суреттеуінде де ақынның сөз қолданысы ерекше. Осы мақалада ақынның тек «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарияланған өлеңдеріндегі азаттық идеяны саралай талдау арқылы ұсынатын боламыз.

Алаш қайраткерлері армандаған азаттық ақын шығармашылығында қалайша бедерленгені кеңінен сөз етіледі. Мағжан Жұмабаев өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалымдардың зерттеулері де назардан тыс қалмайды. Айталық, ғалым Ш. Елеукеновтің «Заманымен күресті, арбасты, айқасты. Ақыры өзі майып болды. Бірақ оны жеңілді деп айта алмайсың. Ол жеңді. Аз ғұмырын саз мұрамен ұзартты.

Өлең сөз нәрі өзгеше безбенді керек ететіні, мұнда кәдеге сан емес, сапа жүретіні ежелден белгілі жәйт. Жалың атқан жанын, жүрегіннің қанын сарп ете жүріп, ол

қазақпоэзиясы көгінде жұлдызын жақты» (Елеуенов, 1995: 378) деген Мағжан туралы ой-пікірлерін алға тартуға болады. Сондай-ақ ақын өлеңдерін академик С. Қирабаев «айналасы теп-тегіс келген» поэзия» (Қирабаев, 2008: 23) деп те Абай сөзімен теңеп, бағалаған да еді.

Сонымен бірге Мағжан шығармашылығы бір ұлттың ғана деңгейінде қалған жоқ, оны әлем әдебиетімен еркін салыстыра да аламыз. Алашшыл ақынды бүкіл әлемге таныту кейінгі ұрпақ пен біздің парызымыз болмақ. «Ұлттық тақырып – ұлан-ғайыр тақырып. Таптық көзқарасқа табынған социалистік реализм әдебиеті оны сұиылтып, аясын тарылтып жіберді» (Елеуенов, 2012: 72). Мағжанның өзіндік ерекше қасиеті өзінің шын жүрегімен жұртына арнаған жүрек жарды өлеңдерімен арта түсетіні белгілі. Соның ішінде ақынның ұлт тағдыры мен еркіндігі туралы жазған туындылары екені тағы аян. Мағжан ұлт тарихындағы өз елін шексіз беріле сүйген ақын ретінде де кейінгі ұрпаққа өнеге болмақ.

Ақын мұрасы туралы зерттеулер мен тың деректер әлі де болса алдағы уақытта толығы түсетіні белгілі. Сондықтан да Мағжан шығармашылығын толық зерттеліп, бір жүйеге келтірілді деп айту да қиын. Өйткені сыршыл ақын өлеңдерінің әр қайсысы өз алдына бір жұмбақ әлем екенін барша оқырман біледі.

Зерттеу нәтижесі. Ақынның шығармаларындағы азаттық идея баспасөзде жарық көрген алғашқы өлеңдерінен-ақ танылған еді. Туындыларында орыс патшалығының құрсауындағы қазақтың жайы молынан сипатталып отырады. Мәселен, «Айқап» («Айқап», 1995) журналының 1911 жылғы 2-санында жарияланып үлгірген М. Жұмабаевтың «Жатыр» өлеңінде отаршылдықтың зардабын шеккен ұлтының тағдыры барынша ашылып көрсетіледі. Өлеңнің алғашқы жолдарында қазақты озық елдермен салыстыра келіп, олардан қалыспау үшін өз еліне ең алдымен білімнің аса қажет екенін түсіндіруге тырысады. Одан әрі «Кен жері күннен-күнге қурып жатыр, Сұр жылан қанын-сөлін сорып жатыр» деп жұртының өз жерінен айырылып жатқандығын, қыспаққа алған орыс патшалығын сұр жыланға балаған Мағжан қарапайым қазағының қамсыз ұйқыда жатқанына өкініш білдіреді. Ел арасындағы осындай келеңсіздіктерді сынап қана қоймай, «Кешегі шешек жарған қазақ гүлі Саргайып, бір су тимей сөлып жатыр» деген іштегі қайғысын да жасырмайды.

Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр,

Күн сайын артқа қарай кетіп жатыр.

Сезінбей өзгенікін, өзінікін

Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр? –

деп сөз түйінінде ашынған ақын өз елінің сәл де болса алға жылжуын ойлап, қазақ оқығандарының жұдырықтай жұмылуын қалайды.

«Айқап» журналында әйел теңсіздігі тақырыбында ең алғаш сөз еткен де ұлт жанашыры Мағжан болды. Журналдың 1911 жылғы 9-санында басылған «Шын сорлы» өлеңі арқылы ол өз жұртына салиқалы ой қатады. Туындыда алдымен алай-дүлей соққан боранның, тіпті, желдің өтіне шыдамаған жан-жануарлардың тұрпаты арқылы қаһарлы аяздың бейнесі, одан кейін осындай аязды суыққа қарамастан қараңғы түнде екіқабат әйелін таяққа жығып, үйінен далаға қуып шыққан Балтабайдың сорақы әрекеті бедерленеді. Осылайша, ақынның әйел бақытсыздығы мен қаһарлы

аязды қатар ала суреттеуі де тегін емес. Яғни, осылай жырлау арқылы адамның қаталдығы қыстың қаһарынан да асып түсті дегенге саяды. Сондай-ақ әйелдің шашынан ұстап сүйреуі, аузына келген лас сөздермен балағаттауы, жүктілігін естігенде жын ұрғандай қамшымен сабап қана қоймай, босағасынан тепкілеп қуып шығып, ол аздай енді кіргізбейтіндей есікті іштен жауып алуы, үскірік боранда қалған Оразкенді мал құрлы көрмеген күйеуінің осындай озбырлықтарын ашына сынап, қазақ әйелдерінің сол замандағы ауыр халін барынша шынайылықпен бейнелеп отыр. Әйел затының көнбістігін суреттеу арқылы олардың құқын да ойлап, еркіндігіне қол сұқпауға шақырады. «Қазаққа сорлы ұрғашы, Ерден теңдік көрер ме? Тиылып тұрған көз жасы Бірге дәурен сүрер ме?!» деп сауал тастаған ақын ел ішіндегі осындай сорақылықтарға да тыйым салу қажеттілігін көтеріп, қатаң ескерту айтқандай еді.

М. Жұмабаевтың табиғат тақырыбына байланысты 1911 жылдың 12-санында «Күз күні», 1912 жылдың 4-санында «Жазғытұры», 7-санында «Бұлбұл» сынды өлеңдері жарық көрген. Ақынның екі бөліктен тұратын «Күзгі күн» өлеңінде табиғатпен қоса, оқу-ағарту мәселесі де жырланған. Бастапқы бөлікте жылдың қай мезгілі екенін тақырыпқа қарамай-ақ ұғасың. Өйткені жыр жолдарындағы қысты жақындата түсетін қара дауыл, ызғарлы жел сияқты эпитеттер күз бейнесінен хабардар ететіні белгілі. Яғни, «Бурқырап қара дауыл соғып тұрған, Көкорай түсі кашып солып тұрған. Шыдамай қатты ызғарлы жел өтіне, Бүрісіп ағош, шөптер тонып тұрған» деген жолдардан аңғарылып тұр.

Ақынның тағы бір баламалары ерекше. Күздің солғын тартқан түрін суреттеу үшін «көрік жоқ, қырда, ойда шығып жүрсен» деп қана шектелмей, жер бетіндегі жаздың көркін аңсап, оны сұлу қызға теңейді. Сөйтіп, «бет-аузы қатпарланып кемпір болған», «бұраңдаған кешегі сұлу қызы» немесе «Қысқасы жердің жүзінде көрік біткен, Қарағанда сулу қыз қайда кеткен» деп қара жердің түрсіздігіне ерекше мән бере сипаттап, күздің шынайы болмысын көз алдына елестетеді. Шығарманың екінші бөлігінде оқу, білім, ел өміріне қатысты жайттарды жырлайды. Өз жұртына бостанбос сайлауға таласып, мал шашу сияқты керек емес әдеттерден арылудың ең дұрыс жолы білім алу қажеттілігін орынды айтып, басқа жұрттың балаларының оқу оқып озғандығын тілге тиек етіп, өзге елдердің мәдениетін де үлгі тұтып уағыздайды.

Мағжанның журналда жарық көрген «Жазғытұры» өлеңіне тоқталсақ, зерттеушілер ақынның осы өлеңін Абайдың «Жазғытұры» өлеңімен (Абай, 1995) салыстыра талдайды, өзара ұқсастық іздейді. Негізінен ақынның табиғат жайлы алғашқы туындыларынан ұлы ұстазына еліктеуі байқалып жатады. Табиғатқа жан бітірудегі көркемдік шеберлігі дәл Абай жырлағандай болмаса да, өзіне тән ерекшелігі де жоқ емес еді. Айталық, Мағжан көктемнің уақытын бедерлеуде сәуір айын «Жетті апрель, сулар акты, қырдан ойға» деп, мамыр айындағы көріністерді «Май келді, жер құлпырды, гүлдер жайнап» деп бөлек-бөлек суреттейді. «Айқап» журналында осы тақырыппен көктем мезгілін сипаттаған Қ.Мұхамеджанов пен Қ. Кемеңгеровтің де туындылары жарияланған. Сондай-ақ «Шалақазақ» деп қол қойған белгісіз автордың «Жаз» деп аталатын өлеңінде де осы мезгілді жырлаған. Қ.Мұхамеджанов пен Шалақазақ шығармаларында Мағжан тәрізді көктемнің әрбір айларына жеке

тоқталып сипаттаса, Қошке Кемеңгеров осы мезгілді жалпылама қамтиды да, соңғы шумағында жұртының жайын қоса қамтып, ішіндегі мұңын көрсетіп өтеді:

Көгалда жазғытұры саулы бие,
Сары қымыз сапырулы тегенеде.
Ішкен мас, жеген тоқ болушы еді,
Түсесің енді, жұртым, қандай күйге.

Осылайша, қазақ елінің ертеңін ойлаған ақындар көктем мезгілін сипаттау арқылы да келешекке үміт артқысы келеді.

Журналдағы жылдың төрт мезгілінен тыс табиғаттағы қоршаған орта, құстар мен гүлдер туралы туындыларында ақындардың заманның күйін күңттеген көңіл күйлері қоса берісіп отырады. Әдебиеттанушы ғалым М. Базарбаевтың «Ақын тау туралы толғанысын, не дарқан даланың кеңдігін жырласың, тіпті көл немесе жазғы танды, қысқы кешті, егінді, не жер, күн, ай жайында жырласың, бірінші кезекте өзінің дүние түсінігі, ішкі жан-күйі тұрады, сонысымен айнала әлемді бірге толгандырып, бірге тебіренеді» (Жұмабаев, 1992: 15) деген пікіріндегі Мағжанның «Бұлбұл» шығармасына да байланысты еді. Осы туындысында шерлі ақынның сырласу үшін құс біткеннің ішінен бұлбұлды таңдауы да бізді ойландырады. Тіпті, сол бұлбұлдың мұңды дауысы нені ұқтырғандай? Осы шығармасында бұлбұлдың өзге бағытқа ұшып кетуін қалап қана қоймай, ақын өзінің іштегі зарлы қайғысын сол жаққа жеткізіп баруын сұрайды. Біздің ойымызша, осылайша тұспалдау арқылы жұртының халін өз мекеніндегі құс екеш құсқа дейін ашық айта алмайтындығын мегзеп отырған шығар.

Талқылануы. Елінің тәуелсіздігін аңсаған Мағжанның ақындық, азаматтық тұлғасы «Қазақ» газетінде («Қазақ», 1998) жарияланған шығармаларынан да көруге болады. Газеттің 1913 жылғы 22 наурыздағы «Орал тауы», 1915 жылғы 22 апрельдегі «Жарыма», 25 июньдегі «Есімде... тек таң атсын», 8 июльдегі «Төбет» өлеңдерінде елінің хал жайы бедерленген. Айталық, «Орал тауы» өлеңінде:

Таласқан аспанменен көкпенбек тас,
Қарасан төбесіне айналар бас.
Жасаған мейірімі кең қадір Тәңірі,
Шығарған сол тауынан алтын, алмас,—

деп бастау арқылы осы таудың ерекше қасиеттерін тізіп сипатай келе, одан әрі сол алғаш мекендеген ер жүрек түркі жұртының бүгінде «Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ» деп қайғырады. Байырғы көк түріктерінің алып рухын аңсайды. Ал оның нышандары қазақтың Мағжанға дейінгі поэзиясында молынан орын алғанын жақсы білеміз. Кейбір зерттеу мақалаларда бұл мәселе арнайы сөз етілген де (Aliyeva Zh., Masalieva Sh., Seisenbayeva Zh., Tamabayeva K., Yelubayeva R., 2016). Сонымен, Мағжан шығармасында:

Оралдай атан туған жерлеріне
Көмилген сүйектері көрлеріне.
Шетелдер жайыменен ие болған
Төр түгіл, есік те жоқ ерлеріне, —

деп өзінің ең негізі уайымын жайып салады. «Жанашыр батыр түрік балаларына» ұран тастағандай сыңай танытып, қарсыластарына сес көрсетеді. Осылайша,

туындыларын оқи отырып, М. Жұмабаевтың ұлт мәселесімен қатар, түркішілдік ұстанымының да ерекше екенін аңғарамыз. Бұл жөнінде де жеткілікті зерделеніп келеді. Әсіресе, түркі тілдес халықтардың ақындарымен де салыстырулар да бар. Айталық, Е.Б. Жиенбаев, К. Семиздің «М. Жұмабаевтың өлеңдеріндегі ұлттық романтизмнің түркиялық ақындардың шығармашылығымен салыстырылуы» деген мақаласында Мағжанның шығармаларын түркішілдік ағымын қолдаған Зия Гөкалп, Мехмет Эмин Юрдакул, Өмер Сейфеттин, Мехмет Акиф Эрсой, т.б. түрік ақындарының мұраларымен салыстырылып, барлығының да ұлт тағдырына қатысты толғаныстарының ортақтығын сөз еткен (Жиенбаев, Семиз, 2022: 193). Жалпы, қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев отаршылдықтың зардабы сипатталған өлеңдерінде ең алдымен жер мәселесін тілге тиек етеді.

Мағжанның газетте басылған «Жарыма» өлеңі былай басталады:

От жұтқан туысқанның халін көріп,
Күнәсіз судай аққан қанын көріп,
Айрылған ар-намыстан қарыңдастың
Көз жасы, қалың қайғы, зарын көріп... –

Мұнда да ақын елінің ауыр да азапты күндерінен хабардар етеді. Жазығы жоқ жандардың жазаланып жатқан халі ақынды ашындыра түседі. Мағжан алдынан «... түпсіз дария, сор да, ор да, Батпақ шол: сусыз, отсыз, қайнаған құм, Ысқырған жылан, шаян оң мен солда. Өткелсіз, қарлы, отты таулар аскар, Мейірімсіз табан тілер қи тастар...» ұшырасса да өз ұлты үшін «ұзақ, ауыр жолға» түскенін асыл жарына түсіндіруге ұмтылған ақынның осы туындысында қазаққа тән азаматтығы мен өр ақындық қалпы ерекше сомдалып тұрғанын аңғарамыз.

Ал «Есімде... тек таң атсын» өлеңінде автор алдағы заманнан жақсылық күтіп, үміттенеді. Осы шығармасына қатысты Ж.Аймауытов «Қазақтың халі қандай ауыр екенін сезсе де, ол күнде Мағжанда келешектен үміт күткендік сезіледі. Бұл қалыпта заман тура бермес, бізге де жарық сәуле күн туар дегендей жибаныш болады, неғұрлым отаршылдық, жауыздық күшейе берсе, соғұрлым қазақтың жанына батар, ашындырар, ашынған ел қорғалай бермес, қарсы бас көтерер деп сенеді:

Мезгілше мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан өзі оятар қатты шақсын!
Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,

Көрелік төңіректі тек таң атсын!» деген қорытынды жасап, өз шешімін де білдірген еді. Сөйтіп, бұл шығармасында да ақынның азаттықты жырлап, ол таңның атарына зор сеніммен үміт артқаны байқалады.

Газетте жарық көрген «Төбет» өлеңінде ақын ел жайындағы айтар ойын тұспалдап жеткізген тәрізді. «Түн бойынша сақ төбет, Үріп шықты шарқ ұрып, Жауды біліп аңдыған...» деген өлең жолдарындағы аңдыған дұшпанды сезген «сақ төбетті» данагөй қартқа, ал түн бойы үргені үшін сол кәрі төбетке тамақ бермеген «бәйбішені» қолында билігі бар кісілер, түн мезгілінде ғана келетін «бөріні» патша шенеуніктері деп қарастырсақ, онда Мағжанның айтқысы келгені көне көз ақсақалдардың ел мәселесіне араласқандарына «алжыған» деп олармен санаспауының арқасында «білгенін бөрі істеді» дегенге саяды. Осылайша, өлеңінде ақын «буралып үндемей

жатқан, қажыған сорлы» төбет бейнесі арқылы ресей патшалығының қыспағын көрген өз жұртының көнбістігін, қолынан келетін дәрмені жоқтай шарасыздығын аңғартқандай.

Газеттің 1917 жылы 16 февралында жарық көрген Мағжан Жұмабаевтың «Орамал» өлеңінде де қазақ тарихындағы елеулі үлкен оқиғаны сөз етеді. «...Толып қалды төрт айға, Күйікпенен күн өтті. Жарымды өкіріп отарба Қанды жаққа әкетті» деген жолдардан-ақ әйел аузымен жеткізілген осы кезеңнің шындығы айқын сипатталып тұр. Осы туындысына байланыты Ж. Аймауытовтың «16-шы жыл – қазақтың басына қара күн туған тарихи ауыртпалық жыл еді. Патша өкіметінің 25 маусымда шығарған жарлығы бойынша қазақ сықылды бұратана халықтар соғыс майданындағы қара жұмысқа айдалды. Қазақ шаңырағы тенселді, қазақ даласы қан жылап күңіренді. Елдің келесіне келген мұндай зор селебені, ауып қайғыны ақын терен сезіп, айқын суреттеу керек еді. Бұл туралы Мағжанның бізге «Орамалдан» басқа берген еңбегі көрінбейді. Ұлттың ыстығына күйіп, суығына тоңам деп жүрген ақынға 16-шы жылғы тарихи оқиғаны жалғыз кестелі орамалмен желпіп өткеніне көңіліміз жарымайды» (Аймауытов, 2011) деген пікірінде ақынның осы оқиғаға байланысты бір ғана өлең жазуын кемшілікке санаған болатын. Біздіңше, бұл туындыда алаш зиялыларының ұстанған бағыттарына орай 1916 жылғы өз елінде болған ұлт-азаттық көтерілісті емес, Ресей жерін қорғауға аттанған қазақ жастарының тағдыры сипатталғандықтан ақынның осы тақырыпта молынан қалам тартуы да қисынсынға келмейтін тәрізді.

Осы туындысында Мағжан қазақ қыздарының көз жасы арқылы елдегі ауыр уайымды ғана емес, күйеуінің жырақтағы халін білгісі келетін әйелдің сауалдарымен өзін мазалаған сұрақтарға жауап іздейді.

Елін ойлап камығып,
Жүрегі толып дерт-шерге,
Жүр екен жаным жабығып
Осы күні қай жерде?

...Солдатша сымдай киініп,
Шекпені онын сұр ма екен?
Күрегіне сүйеніп,
Суықта жаурап тұр ма екен?

Қазақ ер азаматтарының тағдырына уайым жеген ақының ең басты айтпағы, яғни, «Жатқан шығар ор қазып, Жауга ма, әлде өзіне...» дегені барлық оқырмандарды тебіртеді. Сол уақыттағы қандай да болмасын тарихи оқиғаларды қамтыса да ақын ең алдымен өз ұлтының жоғын жоқтап, мүддесін жоғары қояды.

М. Жұмабаевтың ішкі сезімі қоса берілген көңіл күй лирикалары да баспасөзде орын алды. Мәселен, «Қазақ» газетінде 1915 жылы 8 апрельде «Көңіл», 25 октябрьде «Зар» сияқты өлеңдері жарық көрді. Ақынның «Көңіл» туындысында лирикалық кейіпкерлердің өз-өзіне көңілі толмағандығы сипатталған. Тіпті, Мағжан өз көңілінің құпиясын түсіне алмай, тәтті қиялға берілсе де, оның құбылмалылығына таңырқайды. «Жанып-күйіп сүйсе танда,

Кешке сүйген ол отсыз. Бүгін мұнда, ертен онда, Тым-ақ нәрсе ұятсыз» деген қорытындыға келіп, ақын табиғатына тән құбылыстарды айқындап бергендей болады. Ал «Зар» туындысында бастапқы жиырма жолдай күз, қыс, жаз айларының табиғатын сүйсіне көркем тілмен суреттей келе, енді көңілінің бұрынғыдай құбылмалы мінезі жоқтығын айтып, оның басқаша күйге ауысқанын ескертеді. Ақын бірде «Сәулесіз, Айсыз, Күнсіз қараңғыда» қалатынын ескертіп мұңаяды да, астарлап беру арқылы алдағы күндерінің қалай болатынын болжап, ертеңіне үмітсіз қарайды.

М. Жұмабаевтың газетте 1913 жылы 9 мартта жарияланған «Туған жер» өлеңінде де өз ауылының табиғатына сүйсіне қараған ақын оған деген бар ықыласын төге жырлайды. Газетте 1916 жылы 16 июньде басылған «Жолда» туындысында қыс мезгілін бедерлеген. Мағжанның осы өлеңінде үскірік аяздағы долы боран, ызғарлы жел бейнелері молынан көрініс тапқан. Мәселен, «Ызғарлы жел долданып, Екі иінінен дем алып, Ішін тартып оскирып...» деп жырлай келе, желдің біресе аңдай ұлып, біресе екі санын шапақтап сақ-сақ күлгенін көз алдыға жанды бейнедей елестете суреттейді. Шығармадағы жел «кейде кенет баяулап... аузы-басы жыбырлап», жер жамылған қарды құшып «әпсүн» оқығандай улейі де нанымды берілген. Осы өлеңнің соңында ақын:

Сар далада адасып,

Суық кебін жамылып

Қалармын, кім біледі?...-

деп лирикалық кейіпкердің тағдырын беймәлім күйінде қалдырып қана қоймай, оқырманына үлкен ой тастайды. Зерделей келгенде, осындағы табиғат дүлейімен алысқан жалғыз жолаушы арқылы ақын өзі өмір сүрген заманына риза еместігін тұспалдап жеткізгісі келетін сияқты. Мағжанның көзі тірісінде осы туындысына талдау жасаған Жүсіпбек Аймауытовтың пікіріне назар аударсақ, «Мағжанның ақындығы туралы» (Аймауытов, 2001) мақаласында «...қазақ қашан ел болар, қатарға кірер, табиғаттын апатына шыдай алмай, жапан түзде суық кебін жамылып қала ма? Әлде мәдениетті елдің аузына түсіп жутылып кетер ме? Мәлім емес, қазақтың келешегі қаранғы. Мынау ауыр халді көріп ақынның көңіліне шер, көзіне жас келеді...» деп осы өлеңінің астарына тереңнен байыптап қарағанын аңғарамыз. Қысқасы, қандай тақырыпты сөз етсе де өз қоғамының шынайы бейнесін суреттеген ақынның шығармаларынан тек ұлттық деп соққан жүрегінің үнін ғана естиміз.

Қорытынды. Мағжан өз ұлттың мәселесін көтерген бірсыпыра туындысын кеңес дәуіріндегі баспасөзде де жариялап, өзінің айқын көзқарасын жалғастырып отырды. Айталық, 1924 жылы «Ақ жол» газетінің 452-санында жарияланған «Қызыл жалау» өлеңін алайық. Мұнда өлең тұтастай ұран түрінде жазылғанмен таптық тұрғыдан қаралмайды. Тіпті, тақырыбы осылай аталса да. Өлеңнің әр шумағының соңында «Ендеше, қазақ, сенікі!» деген сөзбен аяқталуы да көңілге қонымды. Өлең жайлы мағжантанушы Ш. Елеукуновтің «Қосылып батыр түрік балалары. Мағжан және түрік тақырыбы» деген мақаласында «Ескере кететін нәрсе – 1920 жылы Қазақстанның автономиялы республика болып жариялануын Мағжан жатсынған жоқ. Ол кеңес өкіметінің көп қадамдарына ризашылық білдірмесе де, оның дұшпаны болған жоқ. «Қызыл жалау» (1924) деген атақты өлеңін де жариялады» (Ұлттық

поэзия падишасы, 2001: 59) деген пікір берілген. Негізінен Мағжан мұнда таптық мәселені сөз қылмаған, Ол үшін бай мен жарлы деген ұғым да жоқ. Халықты екіге бөлуге түбегейлі қарсылық білдірген. Сол себепті ол «Қызыл жалау» өлеңінде былай өрнектейді: « - Қанды қас жалау кімдікі? – кімнің ұлы құл болса, Тулымдысы тұл болса, Қанды жас жалау соныкі, Ендеше, қазақ, сенікі!». Сөйтіп, қазақты тапқа, топқа, руға жіктеуге жол бермеген Мағжан әрдайым қай қоғамда болса да алашшыл ақын болып қала беретінін көрсетті.

Сондай-ақ шығармада «Кім де кім «Тәңірім - от» десе, «Басқа тәңірім жоқ» десе, қызыл жалау соныкі» деуі де ұлт мүддесіне қарай орайластырып айтып отыр. Автор үшін кедей табы, жұмысшылар табы деген ұғымдар жоқтың қасы. Кім ел үшін жанын берсе, қызыл жалау соныкі болмақ. «Қанды жас жалау кімдікі? Кім өртенген гүлдемей, Кім таланған, кім кедей, Өртенген жалау соныкі, - Ендеше, қазақ, сенікі!» (Жұмабаев, 1996: 200). Демек, қызыл жалаудың иесі қазақтыкі болмақ. Ақын «Азаттық жалау кімдікі?» - деп сауал тастай келе, «Азаттық жалау теңдікті көре алмағандардікі» дегенді айтып, «- Ендеше, қазақ, сенікі!» деп жауап береді де қызыл жалау мен азаттық жалауды салыстыра сөз қозғайды. Мұның сырын езгіден көзін аспаған еліне осылай ұғындыруға тырысады. Мағжан поэзиясындағы азаттық идея осы өлеңнің соңғы шумағында одан әрі анықтала түседі.

Қысқаша айтқанда, азаттық идеяны баса жырлаған Мағжанның «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарияланған шығармаларын зерделегенде ақынның азаматтық тұлғасы да ерекше дараланып тұратыны айдан анық.

Бұл мақалаға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржылық қолдау көрсетті (грант ЖТН АР1481300)

Абдикалық К.С.^{1*}, Кожеева Б.Ш.² Алиева Ж.А.³

^{1,2,3} *Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан*
E-mail: ¹Kun_jan.16@mail.ru, ²bekzada61.2018@gmail.com, ³janat2582@gmail.com
ORCID: ¹0000-0001-9350-7465, ²ORSID:0000-0001-7887-9789, ³ORSID:0000-0003-4261-3182

Наследие Магжана Жумабаева, опубликованное в журнале «Айқап» и газете «Қазақ»

Аннотация. В данной статье подвергнуты анализу стихотворения М.Жумабаева, опубликованные в журнале «Айқап» и газете «Қазақ». В журнале впервые опубликовано стихотворение М.Жумабаева «Шын сорлы», а также стихотворение «Жатыр», в котором поэт хотел выразить боль от русского колониализма. Пейзажная лирика Магжана «Күз күні», «Жазғытұры» и др. Сравниваются со стихотворением Абая «Жазғытұры». Параллельно рассматриваются стихотворения К.Мухамеджанова и К.Кеменгерова о лете, напечатанные в журнале, и раскрывается основная мысль поэта.

В целом, гражданские качества личности Магжана, обеспокоенного судьбой нации, узнаваемы и в произведениях, опубликованных в газете «Қазақ». В стихотворениях «Орал тауы», «Жарыма», «Төбет», «Есімде... тек таң атсын» и т.д. широко освещается национальная идея. В стихотворении «Орал тауы» поднимается вопрос земли, а в стихотворении «Жарыма» - главная печаль поэта. В стихотворении «Төбет» впервые изучается подтекст творчества поэта. Проанализировано употребление слов Поэтом в описании судьбы страны, а также мастерство в применении подтекста. Рассматриваются особенности стиха «Есімде... тек таң атсын». Подвергнута анализу личность Поэта, ставившего интересы нации выше интереса личности. Наряду с образом лирического героя в опубликованных в газете стихотворениях «Көңіл», «Зар» Жумабаева, особое внимание уделяется описанию пейзажной лирики. В статье охвачены произведения Магжана в национальной прессе, раскрывается его поэтическая личность.

Ключевые слова: свобода, идея Алаша, судьба нации, колониализм, лирика, подтекст, гражданский долг.

Abdykalyk K.^{1*}, Kozhekeeva B.², Aliyeva Zh.³

^{1,2,3} *Kazakh national women's pedagogical, Almaty, Kazakhstan*

E-mail: ¹Kun_jan.16@mail.ru, ²bekzada61.2018@gmail.com, ³janat2582@gmail.com

ORCID: ¹0000-0001-9350-7465, ²ORSID: 0000-0001-7887-9789, ³ORSID: 0000-0003-4261-3182

The legacy of Magzhan Zhumabayev, published in the «Aikap» journal and the «Kazakh» newspaper

Annotation. This article analyzes the poems of M.Zhumabayev, published in the magazine «Aikap» and the newspaper «Kazak». The magazine published for the first time M.Zhumabayev's poem «Shyn sorly», as well as the poem «Zhatyr», in which the poet wanted to express the pain of Russian colonialism. Magzhan's landscape lyrics «Kuz kuni», «Zhazgytury», etc. they are compared with Abai's poem «Zhazgytury». In parallel, the poems of K.Mukhamedzhanov and K.Kemengerov about summer, published in the magazine, are considered, and the main idea of the Poet is revealed.

In general, the civic qualities of the personality of Magzhan, concerned about the fate of the nation, are recognizable in the works published in the newspaper «Kazakh». In the poems «Oral tauy», «Zharyma», «Tobet», «Yesimde... tek tan atsyn», etc. the national idea is widely covered. In the poem «Oral tauy» the question of the earth is raised, and in the poem «Zharyma» - the poet's main sadness. In the poem «Tobet» the subtext of the poet's creativity is studied for the first time. The use of words by the Poet in describing the fate of the country, as well as the skill in applying the subtext, is analyzed. The features of the verse «Yesimde... tek tan atsyn». The personality of the Poet, who put the interests of the nation above the interests of the individual, was subjected to anilz. Along with the image of the lyrical hero in the poems «Konil», «Zar» by Zhumabayev published in the newspaper, special attention is paid to the description of landscape lyrics. The article covers Magzhan's works in the national press, reveals his poetic personality.

Key words: freedom, the idea of Alash, the fate of the nation, colonialism, lyrics, subtext, civic duty, etc.

Информация об авторах:

Абдыкалык Кунимжан Садиркызы, *Казахский национальный женский педагогический университет, кандидат филологических наук, профессор E-mail: Kun_jan.16@mail.ru, <https://orsid.org/0000-0001-9350-7465>*

Кожеева Бекзада Шакиздаевна, *Казахский национальный женский педагогический университет, кандидат филологических наук, ассоц. профессор E-mail: bekzada61.2018@gmail.com, <https://orsid.org/0000-0001-7887-9789>*

Алиева Жанат Абилжановна, *Казахский национальный женский педагогический университет, магистр гуманитарных наук, старший преподаватель E-mail: janat2582@gmail.com, <https://orsid.org/0000-0003-4261-3182>*

Әдебиеттер

Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 336 б. (қаз).

Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. 6-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б. (қаз).

Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы // Жас Алаш. – 2011. – 18 тамыз. (қаз).

«Айкап» // Құраст.: Сужанбердина Ү., Дәуітов С. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 367 б. (қаз).

Алиева Ж., Масалиева Ш., Сейсенбаева Ж., Тамабаева К., Елубаева Р. // Ақын-жыраулардың поэзиясындағы түркі мотивтері // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 4. November, 2016. (ағылш).

Елеуқенов Ш. Мағжан. – Алматы: Санат, 1995. (қаз).

Елеуқенов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2012. (қаз).

Жиенбаев Е.Б., Семиз К. //М.Жұмабаевтың өлеңдеріндегі ұлттық романтизмнің түркиялық ақындардың шығармашылығымен салыстырылуы //«Керуен» ғылыми журналы №1 (74) 2022. ISSN: 2078-813 | eISSN:2790-7066. 190-206 б. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-15> (қаз).

Жұмабаев М. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. (қаз).

- Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы: Білім, 1996. (қаз).
«Қазақ» газеті//Құраст.: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. – Алмат: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б. (қаз).
Кирабаев С. Тәуелсіздік өрісі. Әдеби зерттеулер мен сын мақалалар. 1-кітап. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. (қаз).
Ұлттық поэзия падишасы. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы// Құрастырған Бектурбекова Ф.Қ. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. (қаз).

Литература

- Абай. Собрание сочинений в 2-х т. – Алматы: Ғылым, 1995. – 336 с. (қаз).
Аймауытов Ж. Собрание сочинений в 6-х т. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 с. (қаз).
Аймауытов Ж. О поэзии Мағжана // Жас Алаш. – 2011. – 18 августа. (қаз).
«Айкап»//Сост.: Субханбердина Ү., Дауытов С. – Алматы: Главная редакция «Казахская энциклопедия», 1995. – 367 с. (қаз).
Алиева Ж., Масалиева Ш., Сейсенбаева Ж., Тамабаева К., Елубаева Р. Тюркские мотивы в поэзии акынов и жырау // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 4. November, 2016. (англ).
Елеуенов Ш. Мағжан. – Алматы: Санат, 1995. (қаз).
Елеуенов Ш. Собрание сочинений. – Алматы: Қазығұрт, 2012. (қаз).
Жиенбаев Е.Б., Семиз К. Сравнение национального романтизма в стихотворениях М.Жумабаева с произведениями турецких поэтов // «Керуен» научный журнал №1 (74) 2022. ISSN: 2078-8134 | eISSN: 2790-7066. 190-206 с. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-15> (қаз).
Жумабаев М. Избранное. – Алматы: Ғылым, 1992. (қаз).
Жумабаев М. Сочинения. – Алматы: Білім, 1996. (қаз).
Кирабаев С. Поле независимости. Литературоведческие исследования и критические статьи. Книга 1. - Алматы: Казинформ, 2008. (қаз.).
Газета «Казах» // Сост: Ю. Субханбердина, С. Даутов, К. Сахов. – Алматы: Казахская энциклопедия, 1998. – 560 с. (Қаз).
Король национальной поэзии: О жизни и творчества великого Поэта М.Жумабаева /Составитель Бектурбекова Ф.К. – Алматы: Центральная научная библиотека, 2001. (қаз).

References

- Abai. (1995) Sbranie sochineni v 2-h t. – Almati: Gilim. – 336 s. (in Kaz)
Aimautov Zh. (2013) Sbranie sochineni v 6-h t. – Almati: El-shezhire. – 384 s. (in Kaz)
Aimautov Zh. (2011) Magzhannın aqındığı turalı//Zhas Alash. – 18 avgusta. (in Kaz)
«Ajkar» // Sost.: Subhanberdina U., Dautov S. (1995) – Almati: Glavnaya redakciya «Kazak enciklopediyası». – 367 s. (in Kaz)
Aliyeva Zh., Masaliev Sh., Seisenbayeva Zh., Tamabayeva K., Yelubayeva R. (2016) Turkic motives in the poetry akyns and zhyraus// Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 4. November. (in Eng)
Eleukenov Sh. (1995) Magzhan. – Almati: Sanat. (in Kaz)
Eleukenov Sh. (2012) Sbranie sochineni. –Almati: Qazıgurt. (in Kaz)
Zhiyenbayev Ye., Semiz K. Comparison of National Romanticism in the Poems of M.Zhumabayev With the Works of Turkish Poets// «Keruen» scientific journal No. 1 (74) 2022. ISSN: 2078-8134 | eISSN:2790-7066. P.190-206 <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-15> (in Kaz)
Zhumabayev M. (1992) Izbrannoe. – Almati: Gilim. (in Kaz)
Zhumabayev M. (1996) Sochineni. – Almati: Bilim. (in Kaz)
Kirabayev S. (2008) Tauelsizdik orısı.Literaturne issledovania i kriticheskie stati. 1-kniga. – Almati: QazAqparat. (in Kaz)
«Qazaq» gazeti // Sost.: Subhanberdina U., Dautov S., Sahov K. (1998) – Almati: Glavnaya redakciya «Kazak enciklopediyası». – 560 s. (in Kaz)
Ulittiq poezia padishası: O zhizni i tvorchestve velikogo poeta M.Zhumabayeva / Sostavitel Bekturbekova F.K. – Almati:Centralnaia nauchnaia biblioteka, 2001. (in Kaz)